

Республикалық азаматтық қорғау қызметтерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 1210 қаулысы.

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 24) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.11.2023 № 1037 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған республикалық азаматтық қорғау қызметтерінің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 19 қарашадағы
№ 1210 қаулысымен
бекітілген

Республикалық азаматтық қорғау қызметтерінің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 20.07.2017 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – 21.07.2018 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.05.2019 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.09.2019 № 712 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.02.2021 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2023 № 1037 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.05.2024 № 355 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

р/с №	Республикалық азаматтық қорғау қызметтерінің атауы	Республикалық азаматтық қорғау қызметтерін қамтамасыз етуге және олардың жұмыс істеуіне жауапты уәкілетті органның атауы
1	2	3

1	Мемлекеттік өртке қарсы қызмет	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
2	Қоғамдық тәртіпті сақтау қызметі	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
3	Медициналық қызмет	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
4	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 21.07.2018 № 442 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.	
5	Сауда қызметі	Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі
6	Химиялық қорғау қызметі	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
7	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.07.2017 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен	
8	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 20.07.2017 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен	
9	Көлік қызметі	Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі
10	Жолдар мен көпірлер қызметі	Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі
10-1	Инженерлік қызмет	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
11	Энергетика қызметі	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі
12	Радиациялық қорғау қызметі	
13	Жанар-жағармай материалдары қызметі	
14	Ұлттық гидрометеорологиялық қызмет	Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі
14-1	Орман қорын күзету және қорғау қызметі	Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі
15	Жануарлар мен өсімдіктерді қорғау қызметі	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
16	Ақпарат қызметі	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
17	Байланыс қызметі	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлар республикалық қызметтерінің тізбесін бекіту және оларды құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 желтоқсандағы № 1237 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 46, 507-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің өрт қауіпсіздігі саласындағы кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қарашадағы № 1068 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің өрт қауіпсіздігі саласындағы кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 21-тармағы.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 желтоқсандағы № 1237 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 қазандағы № 1082 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 56, 543-құжат).